Педагогикалық
Кеңесте қаралды
және мақұлданды
«29» тамыз 2024ж

Хаттама № 1

«Бекітемін»
Ақсу агротехникалық
колледжінің директоры
Д.Нусупов
«__» қыркүйек 2024ж

# «Ата –аналар мектебі» жобасының ережесі

1.1 «Ата-аналар мектебі» жобасы-бұл "Zhastar KZ" жастар қозғалысының отбасылық құндылықтарды сақтауға, техникалық және кәсіптік оқыту ұйымдарында оқитын студенттердің және олардың ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің отбасындағы жайсыздықтардың алдын алуға және оларды еңсеруге бағытталған.

1.2 «Ата-аналар мектебі» жобасы өз қызметін ТжКБ ұйымдарында оқитын студенттердің ата-аналарымен тығыз бірлесе отырып, «Ата-аналар мектебі» клубтарының жұмысы арқылы жүзеге асырады,

## II. Мақсаты, міндеттері мен принциптері

**2.1 Мақсаты:** дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен отбасылық өмір салтын нығайту, отбасылық қатынастар мен отбасылық тәрбиеде рухани-адамгершілік дәстүрлерді жаңғырту және сақтау, толық отбасының, жауапты ата-ананың маңыздылығын түсіну.

**2.2 Міндеттері:**

- үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ), ата-аналар қауымдастығымен, СӨС орталықтарымен отбасылық тәрбие мәселелері бойынша өзара әрекет ету;
- ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- отбасылық еріктілікті дамыту;
- отбасын құқықтық қолдау;
- колледждерде «Аналар мектебі», «Әкелер мектептерін» құру;
- «Менің болашақ отбасым» тақырыбында өңірлік эссе байқауын өткізу;
- «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында бірыңғай республикалық сағат өткізу;
- колледждерде Ашық есік күнін, ата-аналардың педагог-психологтармен, оқытушылармен ашық диалог алаңдарын өткізу;
- «Отбасылық тәрбие негіздері» элективті курстар бағдарламасын енгізу.

**2.3 Принциптері:**

- еріктілік;
- құзыреттілік;
- әдептілік;
- жеке тұлғаны тәрбиелеуге жеке көзқарас;
- төзімділік.

## III. Қызметтің негізгі бағыттары

**3.1 Жобаны іске асыруға катысатындар:**

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері, ата-аналары, педагогтері;
- Қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың көшбасшылары;
- Жастар ұйымдарының өкілдері;
- Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері мен ата-аналар комитеттері;
- СӨС және репродуктивті денсаулық орталықтары;
- Оқу орындарының медицина қызметкерлері;
- Құқық қорғау органдарының өкілдері;
- Медиация қызметтері.

**3.2 «Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша студенттермен және олардың ата-аналарымен жұмыста үлгілік іс-шараларды өткізу үшін тәрбие саласындағы инновациялық технологияларды пайдалану ұсынылады:**

- «Мои корни», «Под крышей дома моего» фестивальдары, байқаулары, жарыстары;

- білім беру ұйымдарында кітап алмасу бойынша арнайы орындарды ұйымдастыру-буккросингтер;

- «Отбасылық қонақ бөлмесі» жайлылық аймақтарын құру;

- «Отбасылық құндылықтар» тақырыбындағы бірыңғай республикалық сағат;

- «Семья – Родина едины!», «Семейные традиции», «Загляни в семейный альбом», «Полная семья – «От счастья ключи в семье ищи», «Азбука общения» тақырыптарына ақпараттық сағаттар өткізу;

- колледждерде ашық есік күнін, ата - аналардың педагог-психологтармен, оқытушылармен ашық диалог алаңдарын өткізу;

- балаларды құқықтық қорғау бойынша дөңгелек үстелдер өткізу;

- отбасылардың сұранысы бойынша заңгерлік кеңес беру;

- отбасылармен профилактикалық әңгімелер ұйымдастыру және әлеуметтік қызметтер мен құқық қорғау органдарын тарту;

- денсаулық сақтау тақырыбында ата-аналармен әңгімелер, дәрістер;

- ұлттық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлерді нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізу;

- кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алуға және ескертуге бағытталған ҮЕҰ, КБ-мен бірлескен іс-шаралар өткізу;

- дағдарыс орталықтарында, балалар үйлерінде, қарттар үйлерінде көп балалы және аз қамтылған отбасыларға арналған қайырымдылық акцияларын өткізу;

- «Я – эффективный родитель» тақырыбында әкелерге арналған семинар-тренингтер өткізу;

- лонгэтюд «Язык фотографий» (тақырыптар бойынша), арт-терапевтік әдістерді қолдану (тақырыптық сурет, коллаж);

- ата-аналардың, жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Отбасы өмірінен бір күн» жобасын іске асыру.

## IV. Нәтижелер

**4.1** Жоба бойынша қызметке тартылған отбасылар санын ұлғайту.

**4.2** Ата-аналар мен педагогтердің отбасылық тәрбие саласындағы құзыреттілігін арттыру.

**4.3** ТжКБ ұйымдарында оқитын заманауи студент жастар арасындағы отбасы институтын нығайту (ажырасу санын, ерте жүктілік жағдайларын азайту).

**4.4** Отбасын қолдау үшін әлеуметтік серіктестікті дамыту.

**4.5** Өңірлерде жоба бойынша қызметтің сәтті тәжірибесін тарату.

**4.6** Тұрмыстық зорлық-зомбылықты азайту